

Америка Құрама Штаттары Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі, Түркіменстан Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда және инвестициялар саласындағы қатынастарды дамыту жөніндегі негіздемелік келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 маусымдағы N 609 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Америка Құрама Штаттары Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі, Түркіменстан Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда және инвестициялар саласындағы қатынастарды дамыту жөніндегі негіздемелік келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Қанат Бекмырзаұлы Саудабаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Америка Құрама Штаттары Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі, Түркіменстан Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда және инвестициялар саласындағы қатынастарды дамыту жөніндегі негіздемелік келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғызстан Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі, Түркіменстан Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда және инвестициялар саласындағы қатынастарды дамыту жөніндегі негізгі келісім

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі, Түркіменстан Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі (жеке тәртіппен "Тарап", ал жиынтығында "Тараптар") :

1) елдер арасындағы достық байламдар мен ынтымақтастықтың рухын нығайтуға ниет білдіре отырып ;

2) елдер арасындағы сауда мен инвестициялардың қазіргі көлемін одан әрі кеңейтуге ұмтыла отырып;

3) халықаралық сауда мен инвестициялар үшін ашық және болжанбалы ахуалды дамытуға жәрдемдесудің маңыздылығын тани отырып;

4) өңірдегі сауда тосқауылдарын қысқарту өңірмен және оның ішіндегі, сондай-ақ өңір мен Ауғанстан арасындағы сауда қатынастарын ұлғайтатындығын және жақсартатындығын және тиісінше өңірлік тұрақтылыққа ықпал ететіндігін мойындай отырып;

5) кейбір Тараптардың Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) мүшелігін және басқа тараптардың ДСҰ-ға кіру ниетін назарға ала отырып және осы Келісім ДСҰ-ны құру туралы Марракеш келісімінің ережелерінен туындайтындар, сондай-ақ ДСҰ-ға қатысы бар немесе ДСҰ аясында жасалған өзара түсіністік туралы келісімдер, меморандумдар және басқа да құжаттар қолданылатын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне залал келтірмейтінін атай отырып;

6) әрбір Тарап үшін халықаралық сауда мен инвестицияларды ұлғайтудан туындайтын тиімділікті, сондай-ақ саудаға шек келтіретін инвестициялық шаралар мен протекционистік сауда кедергілері Тараптарды мұндай тиімділіктен айыратынын мойындай отырып;

7) ішкі, сол сияқты шетелдік жеке инвестициялардың өсімді қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын құру, сауданы кеңейту, технологияны жетілдіру және экономикалық дамуды кеңейту ісіндегі басты рөлді тани отырып;

8) тікелей шетелдік инвестициялар әрбір Тарапқа оң пайдасын әкелетіндігін тани отырып;

9) Тараптар арасындағы жеке және іскер байланыстарды көтермелеуге және мұндайларға жәрдемдесуге ниет ете отырып;

10) Екі жақты сауда қатынастары туралы келісімді және 1992 жылғы 19 мамырда қол қойылған Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Күрделі қаржы салымын көтермелеу және өзара қорғау туралы шартты; 1992 жылғы 8 мамырдағы Екі жақты сауда қатынастары туралы келісімді және 1993 жылғы 19 қаңтарда қол қойылған Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Күрделі қаржы салымын өзара көтермелеу және өзара қорғау туралы шартты; 1993 жылғы 1 шілдеде қол қойылған Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Екі жақты сауда қатынастары туралы келісімді; 1993 жылғы 23 наурызда қол қойылған Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Түркіменстан Үкіметі арасындағы Екі жақты сауда қатынастары туралы келісімді; 1993 жылғы 5 қарашада қол қойылған Америка Құрама Штаттарының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасында Екі жақты сауда қатынастары туралы келісімді мойындай отырып;

11) осы Келісім осы Кіріспенің 10-тармағында айтылған Келісімдердің

талаптарынан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне залал келтірмейтіндігін а т а й о т ы р ы п ;

12) Орталық-Азия елдерінің экономикасында және Тараптар арасындағы қатынастарда қызметтер рөлінің өскендігін тани отырып;

13) Тараптар рыногына ауқымды қол жетімділікке Жәрдемдесу мақсатында тарифтік емес кедергілерді жою қажеттігін және осыдан туындайтын өзара тиімділікті н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ;

14) санаткерлік меншік құқықтарын баламалы және тиімді қорғауды ұсыну мен сақтауды қамтамасыз етудің, сондай-ақ санаткерлік меншік құқықтары туралы конвенцияларға қатысудың және олардың ережелерін сақтаудың маңыздылығын ғани о т ы р ы п ;

15) әрбір Тараптың еңбек заңнамасына сәйкес еңбекшілердің құқықтарын баламалы және тиімді қорғауды ұсыну мен сақтауды қамтамасыз етудің және халықаралық ауқымда танылған негізгі еңбек нормаларын сақтауды жақсартудың маңыздылығын м о й ы н д а й о т ы р ы п ;

16) тұрақты даму саясатын өмірге енгізу ісінде сауда және қоршаған ортаны қорғау салаларында басшылық қағидаттар арасындағы өзара қолдау байланысын қамтамасыз етуге н и е т б і л д і р е о т ы р ы п ;

17) осы Негіздемелік келісім ДСҰ мүшелерінің Дохта қабылданған Даму бағдарламасын өмірге табысты енгізуге бағытталған күш-жігерін арттыру жолымен сауданың көп жақты жүйесін нығайтуын тілей отырып; және

18) Тараптар арасында және Орталық-Азия Ынтымақтастығы Ұйымы арқылы сауда және инвестицияларды ырықтандыруды көтермелеу үшін олардың арасында тетік құру тиісті Тараптардың мүшелерінде болатындығын болжай отырып, осы мақсатпен Тараптар мыналар туралы келіседі:

1-Бап

Тараптар Осы Келісімнің шарттарына сәйкес тартымды инвестициялық ахуал қалыптастыруға және сауданы тауарлармен және қызметтермен ұлғайтуға жәрдемдесетін өздерінің ниетін дәлелдейді. Тараптар тауарлармен және қызметтермен алмасуды көтермелеу мақсатында, сондай-ақ Тараптар арасында сауданы ұзақ мерзімді дамыту мен әртараптандыру үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

2-Бап

Тараптар құрамына Тараптардың өкілдері кіретін Американдық-Орталық Азия Сауда және инвестициялар жөніндегі кеңес ("Кеңес") құрады. Орталық Азия республикаларының әрқайсысының тарапынан сауда және инвестициялар мәселелеріне

жауапты Премьер-Министрдің орынбасары немесе Министр төрағалық ететін болады. Қазақстан Республикасы оның жауапты ведомствосы Индустрия және сауда министрлігі болып табылатындығын көрсетті. Америка тарапынан Сауда Өкілінің Басқармасы ("АҚШ СӨБ") төрағалық етеді. Қажет болған жағдайда Тараптардың басқа да үкіметтік ведомстволарының қызметкерлері жұмысқа қатыса алады. Кеңес мәжілісі жылына кемінде бір рет өткізіледі және оларды өткізу мерзімдері мен орындарын Тараптар келісетін болады.

3-Бап

Кеңестің алдына мынадай міндеттер қойылады:

1) Сауда және инвестициялар саласындағы қатынастар мониторингін жүргізу, сауданы және инвестицияларды кеңейту жөніндегі мүмкіндіктерді айқындау, сондай-ақ санаткерлік меншік, еңбек қатынастары мәселелері сияқты саудаға немесе инвестицияларға байланысты мәселелер немесе қоршаған ортаны қорғау мәселелері олар бойынша тиісті форумда орынды болуы мүмкін келіссөздер өткізу.

2) Тараптардың мүдделерін қозғайтын күрделі қаржы салымы туралы тиісті екіжақты шарттар шеңберінен тыс туындайтын сауда және инвестициялар мәселелері жөнінде консультациялар өткізу.

3) Тараптар, сол сияқты Ауғанстан арасындағы сауда және инвестицияларды жүзеге асыру барысында кедергілерді айқындау және оларды жою мақсатында жұмыс жүргізу.

4) Орынды жерде Кеңес қызметіне байланысты мәселелер бойынша тиісті елдердегі жеке сектормен консультациялар өткізу.

4-Бап

Кез келген Тарап Тараптар арасындағы күрделі қаржы салымдары туралы тиісті екі жақты шарттың шеңберінен тыс туындайтын кез келген сауда мәселесі бойынша немесе кез келген инвестициялар бойынша консультациялар өткізу туралы мәселені көтере алады. Консультациялар өткізу туралы сұрау салуға талқыланатын мәселе жөнінде жазбаша нысандағы түсіндірме қоса беріледі, ал егер сұрау салатын Тарап неғұрлым кеш мерзімге келіспеген болса, консультациялар сұрау салуды алған күннен кейін 30 күн ішінде өткізіледі. Әрбір Тарап басқа Тараптардың сауда немесе инвестициялық мүдделеріне теріс ықпал ететін шаралар қабылданғанға дейін консультациялар өткізуге күш салады.

5-Бап

Осы Келісім Тараптардың ішкі заңнамасына немесе Тараптар қол қойған кез келген өзге де келісімдерден туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне залал келтірмейді.

6-Бап

Осы Келісім оған Тараптар қол қойған күні күшіне енеді.

7-Бап

Осы Келісім оның қолданылуын Тараптар бірдей тоқтатқанға дейін күшінде қалады . Кез келген Тарап Келісімнен басқа Тараптарға бұл туралы жазбаша хабарлама бергеннен кейін алты ай аяқталған соң шыға алады.

Төменде қол қоюшылар, өздерінің тиісті Үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік бергендігін куәландыра отырып, осы Келісімге қол қойды.

2004 жылғы _____ ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Америка Құрама Штаттарының
Үкіметі үшін:

Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін:

Түркіменстан Үкіметі үшін:
Үкіметі үшін:

Қазақстан Республикасының

Тәжікстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының